

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Университеттің Ғылыми
кеңес отырысында қаралды
№ 19 Хаттама
« 31 » 08 2022 ж.

БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы
КеАҚ "С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университеті"

« 08 » 20 22 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B08301-«Аңшылықтану және аң шаруашылығы»

(бағдарламаның атауы)

Білім саласының коды және классификациясы : 6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B083 Орман шаруашылығы

Білім классификациясының Халықаралық стандарттау коды: 0821

Біліктілігі: білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры "Аңшылықтану және аң шаруашылығы"

(МЖББС 4 қосымшамен келісілген)

Оқу мерзімі: 4 жыл

Нұр-Сұлтан 2022

ЕРҮО-да жаңарту - 14.07.2023 ж.

Академиялық комитет:

Төраға – Сарсекова Дани Нұрғисаевна а.ш.ғ.докторы, доцент

Комитет мүшелері:

1.Токтасынов Жайлау Нурмуханбетович – а.ш.ғ. кандидаты, доцент

2.Мазаржанова Куралай Мукажановна – а.ш.ғ. кандидаты, қауым.
профессор

3.Абжанов Талғат Сағидоллаевич –PhD, аға оқытушы

4.Кобабаева Арайлым Айтбаевна –PhD, аға оқытушы

5.Акимжанов Дархан Шоганбекович - PhD, ағаоқытушы

6.Бұршақбаева Лаура Мұратқызы – PhD, аға оқытушы

7.Тоқмурзин Ерік Тайжанұлы - а.ш.ғ. кандидаты, «Астана Сантехсервис
С» ЖШС директорының орынбасары

«КеАҚ С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» № 516-Н 04.10.2022ж. бұйрығы
бойынша академиялық комитет бекітілген

**«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» білім беру бағдарламасы №___
хаттама «___» _____ 20___ ж. аңшылықтану және балық шаруашылығы
кафедрасының отырысында қаралды.**

Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және қоршаған орта факультетінің
Кеңесінде келісілді №___ хаттама «___» _____ 2022ж.

Мазмұны

№	Компонент атауы	Беті
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2.	Білім беру бағдарламасына жалпы сипаттама	6
3.	Бітіруші түлектің күзiреттiлiк моделi (портрет)	7
4.	Кәсiптiк практикадан өту базасы	9
5.	Білім беру бағдарламасының құрылымы	10
6.	1 қосымша. Академиялық күнтізбе	12
7.	2 қосымша. Оқу жұмыс жоспары	13
8.	3 қосымша. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптастырылатын оқу нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы	15

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты – «Аңшылықтану және аң шаруашылығы» білім беру бағдарламасы аңшылық шаруашылығын жүргізу және басқару әдістерін; аңшылық жануарлардың биологиясы және экологиясын; аң шаруашылығы мен жабайы жануарларды өсіру негіздерін және болашағын, аңшылық шаруашылығын жүргізудің құқықтық негіздерін; аңшылық жануарлардың популяцияларын зерттеудің тәсілдерін; аңшылық шаруашылықтардағы негізгі биотехникалық іс шаралардың негіздерін зерттейді. Бағдарламаның мақсаты:

1. сапалы кәсіптік білім алуға толық жағдайды қамтамасыз ету;
2. аңшылықтану және аң шаруашылығы болашақ мамандарының кәсіби құзіреттілігінің негізін қалау;
3. барлық кезеңде сынақ жүргізу шеңберінде студенттерге өзіндік ғылыми-зерттеу жұмыстарына жағдай жасау;
4. ғылыми -техникалық ақпараттармен жұмыс жүргізе білу, шетелдік және отандық тәжірибелерді жұмыс барысында пайдалану, алынған ақпараттарды жүйелеу және топтастыру болып табылады.

1.2. Оқу нәтижесі

ОН 1. Экономиялық қажеттіліктерге, ресурстарға, менеджмент, маркетинг, қаржы және т. б. туралы ғылыми түсініктерге ие болу; идеяларын іс әрекетке айналдыруға, кәсіби міндеттеріне қол жеткізу үшін жобаларды жоспарлауға және басқаруға қабілетті, биологиялық және экологиялық деректерді математикалық жүйе, заманауи есептеу техникасын қолдану негізінде, мәліметтерді қарапайым биометриялық әдістерді қолдана отырып өңдеу мен талдау

ОН 2. Биологиялық процестердің химиялық негіздерін және, құрылымын хромосомалардың функциясын және тұқым қуалаушылық биомолекулалардың құрылымдық ерекшеліктерін, тұқымқуалаушылықтағы өзгергіштікті және, құрылысын заңдылықтарын, гендік және геномдық, тірі ағзаның өзгергіштік белгілерін; гаплоидия және полиплоидия мутагенез, санат бойынша селекциялық реттеу гибридизация, мутагенез және гибридтену материалдарын классификациялауды білу

ОН 3. Жануарлардың географиялық таралуын, фаунаның қалыптасуының заңдылықтарын, себептерін, жануарлар әлемін болжаудың мәселелерін, омыртқасыздар мен омыртқалылардың ерекшеліктерін, типтің көлемі мен жүйесін, әрбір класс өкілдерінің морфоэкологиялық сипаттамаларын, типтерін, кластарының эволюциясын, балықтардың систематикасын, құрылысын, тіршілік негізін, биологиялық алуантүрлілігін, биологиясын, экологиясын, кәсіптік балық өсіру және балық аулаудың негізгі объектілерін білу

ОН4. Өсімдіктердің алуантүрлілігін, олардың биологиялық ерекшеліктерін, жүйесін, ауыл шаруашылық дақылдарын, олардың азықтық құндылығын және өсіріп-өндіру технологиясын, орман шаруашылығын жүргізудің негізін, ағаш өсіру және оларды өрттен, зиянкестерден, аурулардан

қорғауды, орман өнімдерін және ормандарды тиімді пайдалануды, отырғызылатын ағаштарды инвентаризациялау, сақтау және тасымалдауды білу қажет

ОН 5. Фермерлік шаруашылықтардың қалыптасуы мен дамуын, агроөнеркәсіптік кешендегі шағын және орта бизнес формасы ретінде шаруа қожалығын ұйымдастыру және дамыту негіздері бойынша іскерлікті қалыптастыруды, жануарлардың биологиялық ерекшеліктерін, әртүрлі тиіпті балық шаруашылықтарында өсіруді, балық шаруашылығының технологиялық процесстерін, биосфераның бөліктерінде биогеоценоздардың тіршілік ету негізін, қауіп қатерден қорғанудың жолдарын, тіршілік етуге қолайлы жағдай жасауды білу

ОН 6. Тірі ағзада физикалық және физико-химиялық процесстерді, ағзаға физикалық факторлардың әсерінің заңдылықтары мен механизімін, биофизикалық зерттеулердің әдістерін, химияның негізгі заңдарын, маңызды заттар мен материалдарды, химиялық формулалар бойынша есептеулерді және реакция теңдеулерін білу

ОН 7. Аңдар мен құстардың биологиялық ерекшеліктері мен мінез-құлықтарына байланысты сұрақтарды, генетикалық шартты түрдегі мінез-құлықтары компоненттерінің ерекшеліктерін, негізгі таксономиялық бірліктерін және оларды бөлу ережелерін, өсімдіктер мен жануарларды қорғау, сақтау және өсімін молайту мәселелерін, жазбаша, ауызша жұмыс істеу үшін ағылшын тіліндегі арнайы терминологияны білу қажет

ОН 8. Экологиялық ортадан микроорганизмдерді оқшаулау проблемаларына қазіргі заманғы көзқарастар, бактерияларды идентификациялау проблемасына фенотиптік және генетикалық жағынан қарау, микроорганизмдерді зерттеу әдістемесінің ерекшеліктері, диагностика, алдын алу, емдеу және әртүрлі этологияның ауруларын жою бойынша шаралар, патологиялық үрдістерді талдау, жануарлар мен құстардың жұқпалы және жұқпайтын ауруларының таралуын білу қажет

ОН 9. Табиғи жағдайда жануарлардың тіршілігін басқару мен тіршілік ету орталарына биотехникалық әдістердің әсерін, жабайы жануарларды өсіру, оларға қолайлы жағдай жасауды, терісі бағалы жануарларының биологиялық, экономикалық сипаттамаларын, өндірістің жоғары технологиялық процесстерін білу қажет. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың негізгі типтерін, олардың жұмыс істеу тәртіптерінің ерекшеліктерін, табиғи аумақтарды қорғау бойынша ҚР заң актілерін білу

ОН 10. Аң аулау алаңдарын қалыптастыру мен дамытудың негізгі кезендері мен аңшылық алқаптарды жіктеу принциптерін және аңшылық алқаптар (санаттар, кластар, типтері мен түрлері топтары), оларды сәйкестендіру ережелерін білу. Аңшылық шаруашылығын құру сұрақтарын, алқаптарды бонитировкалауды, шаруашылықтағы жануарлардың ерекшеліктері, аңшылық шаруашылықтарында механикалық жабдықтарды пайдалануды білу, аңшылық шаруашылықтарды экономика-математикалық модельдерін құрудың негізі мен тиімділігін білу қажет

ОН 11. Жануарларды аулау құралдарының жіктелуін, далалық жабдықтар мен жарақтардың негізгі санаттарын, аңшылықтануда ғылыми зерттеу негіздерін, зерттеу нәтижелерін талдау, түсіндіру, аңшылық жануарларды кәсіпшілік алудың оңтайлы мөлшерін, есепке алу, болжау әдістерін, иттердің шығу тегінің тарихын, таза тұқымды өсірудің маңызын, асылдандыру жұмысының әдістері арқылы тұқымын анықтау, аңшылыққа үйрету әдістері және иттермен жұмыс жасауды білу

ОН 12. Әртүрлі мамық-жүнді тері шикізатының тауарлық қасиетін, сақтау, тасымалдау, алғашқы өңдеудің технологиялық әдістерін білу. Шикізаттың жіктелуін, оның алғашқы өңделуін, нормативтік құжат және МЕМСТ негізінде стандарттау, трофейді өңдеу тәртібі мен әдісі, трофейді рәсімдеу мен оның сапасына қойлатын талаптарды, аңшылық трофейлерді бағалау әдістерін, әртүрлі жануарлар, құстар, балықтар мен қосмекенділердің тұлыптарын дайындау әдістерін білу

ОН 13. Аңдар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін, тарлауын, аңшылық жануарлардың жынысын, жасын, ауруларын және басқа да ерекшеліктерін сыртқы белгілері бойынша анықтау, аңдар мен құстардың эволюциялық даму кезеңдерін, сипаттамаларын, жетілуі мен экологиялық ерекшеліктерін, оларды қорғауды; табиғаттағы құстардың түрлері, құстардың биологиясы мен экологиясы, таксономиялық әртүрлілігі, генетикалық тұқымқуалаушылық негіздерін және маңызын білу

ОН 14. Аңшылық шаруашылығын жүргізу және аңшылық аңдар мен құстарды кәсіпшілік аулау негіздерін меңгеру, Кәсіптік аң аулау өнімдерін, сондай-ақ жануарлардан қосымша алынатын өнімдердің әртүрлі түрлерін өңдеу технологиясын білу, маралдың биологиялық ерекшеліктерін, Конституциясын, сыртқы және ішкі көрінісін зерделеуді; өнімділігін бағалау, қырғауыл биологиясын, қырғауылдарды күтіп-бағуды және азықтандыруды, ет және жұмыртқа өнімділігін бағалау

2 Жалпы білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы (өзектілігі, ерекшелігі, бәсекелестік артықшылықтары, бірегейлігі, стейкхолдерлер және т.б.)

«Аңшылықтану және аң шаруашылығы» Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдегі «Жануарлар әлемін қорғау және пайдалану» Заңына сәйкес және жұмыс берушілердің сұранысын есепке ала отырып жасалды. Бұл білім беру бағдарламасы биоәртүрлілікті сақтаудың және аңшылық қорды тиімді пайдаланудың негізгі мәселелерін шешіп, болашақ маманның негізгі өкілеттілігін қалыптасуына мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының өзектілігі қоршаған ортаны қорғау және жануарлар әлемін қорғау мен аңшылық шаруашылығын жүргізу мәселелерін заманауи қажеттіліктерге сай айқындайды.

Бұл білім беру бағдарламасының ерекшелігі аңшылық шаруашылықты ұйымдастырумен аңшылық жүргізудің әлемдік тәжірибелері (Батыс-Венгер университеті, Варшава жаратылыстану университеті, Вятка ауылшаруашылық

академиясы, Иркутск мемлекеттік ауыл шаруашылығы академиясы) және ПРООН, ҚБСА жұмыстарымен ұсыныстары ескерілген.

Білім беру бағдарламасының бәсекелестік артықшылығы түрлі елдердің тәжірибесіне сүйене отырып Қазақстан Республикасының жануарлар әлемін қорғау, тиімді пайдалану мәселелерін аңшылық фаунаның бірегейлігін және ерекшелігін есепке ала отырып шешуге бағытталған.

Білім беру бағдарламасының бірегейлігі Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылықтардың дамуының және жануарлар әлемін қорғау оның ішінде жабайы жануарларды өсіру, аңшылық шаруашылықтарды қарқындату және аңшылықтың ұлттық түрлерін дамыту мәселесі айқындалады. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға арналған материалды-техникалық база ("Дударай" оқу-өндірістік аңшылық-балық аулау шаруашылығы, УАЗ автокөліктері, мотошана, тірі объектілерді бақылауға арналған құралдар, жүзу құралдары, аулау құралдары және т.б.), сондай-ақ ҚР АШМ орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитеті, ҚР АШМ облыстық аумақтық инспекциялар, «Қансонар» аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің республикалық қауымдастығы, «ӨБ» "Охотзоопром", "Бурабай" МҰТП, Қорғалжын МТҚ және басқада аңшылықтану және аң шаруашылығы саласындағы субъектілер ұсынған тәжірибе базалары бар.

3 Бітіруші түлектің құзіреттілік моделі (портрет)

3.1 Мамандығымен жұмыс істеу саласы: түрлі меншіктегі аңшылық шаруашылықтар; аңфермасы; мемлекеттік табиғи қорықтар; зоологиялық қорықшалар; ұлттық табиғи парктер; ерекше қорғалатын табиғи аймақтар; жануарлар әлемін және ормандарды қорғайтын мемлекеттік мекемелер; аңшылық шаруашылықтарды және жануарлар әлемін мемлекеттік басқаруға арналған республикалық және облыстық өкілдіктер; аң және балық аулау қоғамдық бірлестіктер және туристік мекемелер.

3.2 Кәсіби қызмет түрлері: аңшылықтың барлық түрлерін ұйымдастыру және жүргізу; табиғи қорларды тиімді пайдалану, көбейту және қорғау; түрлі кәсіптік аңшылық аңдар мен құстарды өсіру және аңшылық шаруашылықтарда пайдалану; аңшылық кәсібінің және жабайы жануарларды өсірудің өнімдерін дайындау алғашқы өңдеу, қайта өңдеу және сату; спорттық-әуесқойлық, кәсіптік аңшылықты ұйымдастыру және жүргізу, аңшылық жабайы аңдарды жартылай еркіндікте өсіру және ұстау іс шараларын әзірлеу. Жануарлар мен құстардың сандарын көбейту үшін биотехникалық шараларды жүргізу; аңшылық шаруашылықтарда жабайы аңшылық жануарларды жартылай еркіндікте ұстау, көбейту шараларын жүргізу және ұйымдастыру: селекциялық жұмыстар, малдәрігерлік-санитарлық шаралар, жабайы жануарлар мен құстарды ұстау және азықтандыру.

3.3 Жалпы білім беру құзіреттілігі (мс. МЖББС) Жалпы білім беруге арналған пәндерді оқып бітіргеннен кейін білім алушы қабілетті болады:

1) әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру;

2) қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды әлемдік көзқарас тұрғысынан бағалайды, табиғи және әлеуметтік өзгерістерді ғылыми және философиялық түсініктер тұрғысынан сараптайды;

3) Қазақстан тарихының ерекшеліктерін, заңдылықтардың негізгі кезеңдерін ескере отырып, оларға ғылыми сараптама жасап терең түсінік арқылы өзінің азаматтық ұстанымын белгілеу;

4) зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану;

4) қазақ тілінде, орыс тілінде және шет тілдерде ауызша және жазбаша түрде мәдениетаралық және өндірістік қатынастарға араласа білу;

5) Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.

3.4 Базалық құзіреттіліктер (мс. МЖББС) базалық пәндерді оқу нәтижесінде студент білу қажет:

1) саланың озық біліміне негізделген аңшылықтану және аң шаруашылығы саласындағы білім мен түсінікті көрсету;

2) кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, аргументтерді тұжырымдау және аңшылықтану мен аң шаруашылығы саласындағы мәселелерді шешу;

3) аңшылықтану және аң шаруашылығы саласындағы оқу-тәжірибелік және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;

4) аңшылықтану және аң шаруашылығы саласында одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларды;

5) ғылыми зерттеу және академиялық жазу әдістерін білу және оларды аңшылықтану және аң шаруашылығы саласында қолдану.

3.5 Кәсіптік құзіреттілік (мамандандыруға сәйкес) оқу барысында білім алушы келесі құзіреттіліктерді иеленеді:

Білуі және түсінуі керек:

аңшылық шаруашылыққа байланысты қаулыларды, бұйрықтарды, өкімдерді, инструкцияларды және басқа нормативтік материалдарды;

аңдар мен құстардың экологиясын, биологиясын, аңшылықтануды, санак жүргізу тәсілдерін аңшылық жануарларды аулауды;

аңшылық шаруашылықтың экономикасын және кәсіптік аулауды ұйымдастыруды;

еңбек заңдылықтарының негіздерін, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасын, өндірістік санитарлық және өртке қарсы нормалары мен ережелерін;

Білу керек:

алған білімдерін ғылыми, тәжірибелік ақпарат-іздеу мәселелерін шешуге пайдалану;

жабайы жануарларды аулау кәсіпорындардың, аңөсіру питомниктерін, марал өсіру шаруашылықтарының барлық меншіктерінің түрлерінің кәсіптік жұмысын, және аңшылық шаруашылықтық жұмысын табиғи жағдайда ұйымдастыруды, аңшылық шаруашылыққа пайдалану мақсатында алқаптарды сараптамалық бағалауды;

Тәжірибелік қабілеттілігі болуы қажет:

далалық тәжірибелер жүргізу, аңдар мен құстарды аулау және аңшылық құрал-саймандармен жұмыс істеу;

аңшылық жануарларды зерттеу әдістерін қолдану;

биотехниялық іс-шараларды жүргізу.

4 Кәсіби тәжірибені өту базалары (тәжірибелердің барлық түрлері)

2 курсты аяқтағанда білім алушылар биология және аңдар мен құстар этологиясы пәнінен алған білімдерін білім алу бағдарламасының процесі бойынша далалық жағдайда оқу тәжірибесін өтуде іске асырады. Оқу тәжірибесі кафедра оқытушыларының жетекшілігімен «Бурабай» МҰТП, «Қарқаралы» МҰТП, Қорғалжын МТҚ келісім шартқа сәйкес өтеді.

Бітіртуші кафедра теориялық білімді бере отырып өндірістік және диплом алды тәжірибелерді ұйымдастырады. Кәсіби тәжірибелерді өту үшін тәжірибенің негізгі базасы болып РММ «Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитеті», «Жаркөл-2002» ЖШС, ШҚ «Айка» АШ «Зайсанское», РММ «Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі аймақтық инспекциясы», РММ «Ырғыз-Торғай мемлекеттік резерват», РММ «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, РММ «Қарқаралы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, РММ «Жоңғар-Алатау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, РММ «Катон-Қарағай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, РММ «Үстүрт» мемлекеттік табиғи қорығы РММ «Жамбыл облыстық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі аймақтық инспекциясы», РММ «Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі аймақтық инспекциясы», РОО «Газы-Төбет-Бөрібасар», ҚБ «Астана қаласының және Ақмола облысының аңшылар мен балықшылар қоғамы», «Астана қ. әкімшілігі «Жас-Нұр» МКҚК өндіріс-шаруашылығы кәсіпорны», ОАФ РГКП «ӨБ Охотзоопром», «Қансонар» Қарағанды облыстық аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің республикалық қауымдастығы, Шығыс-Қазақстан облыстық аң аулау және балық аулау қоғамдық бірлестігі болып табылады.

5 Бакалаврдың білім беру бағдарламасының құрылымы

№	Циклдар мен пәндердің атауы	Жалпы еңбек көлемі	
		академиялық сағатпен	академиялық кредитпен
1	2	3	4
1	Жалпы білім беру пәндерінің циклдары (ЖББП)	1680	56
1)	Міндетті компонент	1530	51
	Қазақстан тарихы	150	5
	Философия	150	5
	Шетел тілі	300	10
	Қазақ (орыс) тілі	300	10
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	150	5
	Модуль әлеуметтік-саяси білім (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология)	240	8
	Дене шынықтыру	240	8
2)	Таңдау компоненті	150	5
	Экономика негіздері / Жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	150	5
2	Базалық пәндер циклі (БП)	3510	116
1)	ЖОО компоненті	2190	73
	Зоология	180	6
	Жануарлар физиологиясы	150	5
	Генетика	150	5
	Орнитология	180	6
	Териология	180	6
	Биохимия	150	5
	Кәсіптік аңдар биологиясы	120	4
	Орман ботаникасы	180	6
	Жалпы орман шаруашылығы	180	6
	Аңшылық алқаптар типологиясы	150	5
	Аңшылық шаруашылығын құру	150	5
	Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары	180	6
	Аңдар мен құстар этологиясы	150	6
	Оқу тәжірибесі	120	4
	2)	Таңдау компоненті	1290
Арнайы мақсаттарға арналған ағылшын тілі/Кәсіби бағытталған шетел тілі		150	3
Фермерлік іс негіздері/Аграрлық сектордағы кәсіпкерлік қызмет		150	5
Химия/Микробиология және вирусология		150	5
Математика биометрия негіздерімен/Биофизика		150	5
Аңдар мен құстардың аурулары / Паразитология		150	5
Зоогеография /Энтомология		150	5
Балық шаруашылығы/ Ихтиология негіздері		120	4

	Экология және тіршілік қауіпсіздігі/ Еңбек қорғау және тіршілік қауіпсіздігінің негіздері	150	5
	Аңшылықтануда экспедициялық-далалық зерттеулер/ Экспедиторлық-далалық жабдықтау	120	4
3	Кәсіптік пәндер циклы (КП)	1800	60
1)	ЖОО компоненті	1470	49
	Биотехния және жабайы жануарларды өсіру	180	6
	Аң шаруашылығы	150	5
	Ит шаруашылығы	150	5
	Аңдар мен құстарды есепке алу	150	5
	Аңдар мен құстарды аулау техникасы	180	6
	Трофейлік іс таксидермия негіздерімен	150	5
	Өндірістік тәжірибе	390	13
	Диплом алды тәжірибе	120	4
	Таңдау бойынша компонент	330	11
2)	Аңшылық-кәсіпшілік өнімдері/ Аңшылық шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	180	6
	Марал шаруашлығы/Қырғауыл шаруашылығы	150	5
4	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
1)	Таңдау бойынша компонент		
	Әскери дайындық		
5	Қортынды аттестациялау	240	8
1)	Дипломдық жұмысты (жоба) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындық және тапсыру	240	8
	Барлығы	7200	240

Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын қолжетімділік матрицасы

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтары)													
				ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8	ON 9	ON 10	ON 11	ON 12	ON 13	ON 14
Жалпы білім беру пәндерінің циклдары																	
Міндетті компонент																	
Жалпы білім беретін пәндер циклі																	
Таңдау компонент																	
1	Экономика негіздері/ Жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері/ Кәсіпкерлік қызмет негіздері	Экономика негіздері. Кіріспе. Экономикалық теорияның негізгі ұғымдары. Экономикалық қажеттіліктер, игіліктер мен ресурстар. Халықтың жан басына шаққандағы өнімді тұтыну; экономикалық жүйелердің типтері. Нарығы. Оның жұмыс істеу механизмі. Бизнесінің экономикалық негіздері. Өндіріс, Еңбек өнімділігі. Еңбек өнімділігіне әсер ететін факторлар. Жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері. Курс сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша білім жүйесін қалыптастырады және осы құбылысқа қатысты азаматтық ұстанымды осы негізде дамыту. Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттер: заңнамада бағдарлауды; нақты жағдайларда құқықтық актілерді талдау және қолдану, моральдық-құқықтық нормаларды сақтау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет мәселелері бойынша өз көзқарасын білдіру және негіздеуге мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік іс-қызмет негіздері. Кәсіпкерліктің негізі. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәсіпкерлік ұғымы. Қазақстан Республикасындағы меншік құқығы.	5	V										V			

		Заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесі. Жеке кәсіпкерлік. Жеке кәсіпкерлік. Кәсіпкерлік қызметті лицензиялау. Шетелдік инвестициялардың құқықтық режимі. Шаруашылық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік. Шаруашылық шарттар.															
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті																	
2	Генетика	Генетика тұқым қуалаушылықтың материалдық негіздерін зерттейді. Тұқым қуалаушылық белгілері мен принциптері. Тұқым қуалаушылықтың хромосомдық теориясы. Жыныс генетикасы. Гетерозис. Тұқым қуалаушылықтың молекулалық негіздері. Мутациялық өзгергіштік. Жануарлардың сандық белгілерінің генетикасы. Селекцияның генетикалық параметрлері	5		V												V
3	Зоология	Жердегі әртүрлі жануарлардың бейімделуі мен таралу заңдылықтары туралы білімді қалыптастырады. Омыртқасыздар мен омыртқалы жануарлардың барлық түрлерін, олардың дене құрылымын, систематикасын, жануарлардың әртүрлі түрлерінің пайда болуын, даму жолдарын, жануарлардың алуан түрлілігін, табиғаттағы рөлін, жануарлар экологиясын қарастырады.	6		V												V
4	Жануарлар физиологиясы	Жануарлардың құрылымдық және функционалдық ұйымдастырылуы, гомеостаз, функциялардың жүйкелік және гуморальдық реттелу принциптері, орталық жүйке, жүрек-қан тамыр, ас қорыту және тыныс алу жүйелерінің физиологиясы бойынша теориялық білімді қалыптастырады. Жануарлар	5						V								

		ағзасында болатын физиологиялық процестерді, ішкі секреция бездерінің рөлі мен физиологиясын, энергетикалық және метаболикалық процестердің биологиялық маңыздылығын, ағзаның қалдықтарын бөлу процестерін зерттейді.															
5	Биохимия	Пән ақуыздардың, нуклеин қышқылдарының, көмірсулардың, липидтердің, минералдардың және витаминдер мен гормондардың биохимиясын зерттейді; организмдерде болатын химиялық өзгерістердің мәнін, олардың реттелу механизмдерін және олардың ағзаның тіршілік әрекетін қамтамасыз етудегі рөлін қарастырады; теориялық және эксперименттік зерттеу әдістері. Биологиялық материалдағы биоактивті заттардың сапалық және сандық талдауын зерттеу жүргізеді.	5		V												
6	Кәсіптік аңдар биологиясы	Пән морфологиялық құрылымымен әртүрлі аймақтарды мекендейтін аңдардың ерекшеліктерін; табиғаттағы аңшылық-кәсіптік түрлердің айырмашылықтарын; орман аймағы шегінде аңшылық шаруашылығын жүргізуді ұтымды ұйымдастыру үшін жүйелілігін, биологиялық және экологиялық ерекшеліктерін, көбею ерекшеліктерін; интразоналды кешеннің аңшылық-кәсіптік фаунасын, оның ішінде сулы және сулы-батпақты алқаптарды зерттейді	4									V				V	
7	Аңдар мен құстардың этологиясы	Пән жануарлардың табиғи жағдайдағы, генетикалық шартты түрдегі (тұқым қуалаушылық, түйсікті) мінез-құлықтарының компоненттерін, тіршілік порцесстерінің динамикасын, оларды	5			V					V						

		танытуда жүйке-жүйелік және эндокринді жүйелердің әсерін, сонымен қатар эволюциялық мінез-құлықтарының мәселелері, филогенез және онтогенез процессінде жануарлардың мінез-құлықтарының дамуын оқытады.															
8	Аңшылық алқаптар типологиясы	Аңшылық алқаптар типологиясы пәні қалыптасудың негізгі этаптары мен кезеңдері және аңшылық алқаптарды оқып дамытуды; аңшылық алқаптардың жіктелу қағидаларын және аңшылық алқаптардың жіктелуде негізгі таксономиялық бірліктерін (категория, класс, түрлер тобы және түрлер) және олардың бөліну ережелерін; азықтарды шығу тегі бойынша жіктеу және олардың қорларын есепке алу әдістерін; аңшылық алқаптарды бағалау қағидаларын оқытады.	5						V			V					
9	Аңшылық шаруашылығын құру	Аңшылық шаруашылығын құру пәні шаруашылықаралық бойынша аңшылық шаруашылығын құру жұмыстарын ұйымдастыру және әдістерін; шаруашылықаралық аңшылық шаруашылығын құруды жүргізу, биоэкономикалық зерттеулерді; шаруашылықаралық аңшылық шаруашылығын құру разрядтарын; шаруашылықаралық аңшылық шаруашылығын бақылауды ұйымдастыру; аңшылық – кәсіпшілік жануарлардың негізгі түрлері үшін оңтайлы тығыздықты, аңшылық шаруашылығының сыйымдылығын есептеу әдістерін; азық қорын, лимиттеу факторларын анықтау әдістері; аңшылық шаруашылығын өткізу қабілетін оқытады.	5									V					

10	Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары	Пән ғылыми зерттеу әдістерін және қорықтардың, ұлттық табиғи парктердің, резерваттардың және басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметін, сондай-ақ ЕҚТА басқару тәсілдерін зерттеуге бағытталған. Бұл курста тиімді пайдаланылатын өсімдіктер мен жануарларды қорғау, сақтау және өсімін молайту мәселелері мен әдістері қарастырылады	4							V	V						
11	Орман ботаникасы	Пән орман өсімдіктерінің жасушасының, ұлпаларының құрылысын, морфологиясы мен анатомиясын, қоректенуін, әртүрлі заттардың жиналу биосинтезін, гүлденуін, жеміс беруін, өсуін, дамуын, қоздырғыштармен әрекеттесуін, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына реакциясын және фитоценоздардың тұрақтылығын, систематикасын, физиологиясы мен биохимиясын, ағаштар мен бұталардың тіршілік формаларын, экотоптарын, ағаш емес орман өнімдерін және ормандарды тиімді пайдалану мен қорғауын қарастырады..	6		V		V										
12	Орнитология	Құстар класының сипаттамаларын, олардың алдын ала белгіленуі мен эволюциясын, морфологиялық ерекшеліктері мен ұшу қабілетін, құстардың жетілуі мен экологиялық ерекшеліктерін, оларды қорғауды; Қазақстан құстарының аңшылық-кәсіпшілік және сирек кездесетін түрлерін зерттейді.	6							V							V
13	Териология	Пән сүтқоректілердің (Mammalia) жалпы сипаттамасын, морфологиясын және кластың экологиялық систематикалық шолуын, кәсіптік аңдардың ресурстарын	5							V							V

		тиімді пайдаланудың биологиялық және экологиялық негіздерін әзірлеу, оларды қорғау және өсімін молайтуды оқытады..															
14	Жалпы орман шаруашылығы	Орманның морфологиялық құрылысын, орман биологиясы мен экологиясының теориялық негіздері, орман түрлері, тұқымдық және вегетативті ормандарды молықтыру ерекшеліктері, түрлердің өзгеруі. Негізгі кесу және аралық пайдаланудағы кесу әдістері. Табиғи жаңаруды ынталандыру әдістері.	6		V		V						V				
Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті																	
15	Арнайы мақсатқа арналған ағылшын тілі / Кәсіби бағытталған шетел тілі	Арнайы мақсатқа арналған ағылшын тілі. Пән жалпы ғылыми терминологияны және терминологияны ағылшын тілінде тиісті мамандық тілі ретінде зерттеуге бағытталған, коммуникативтік қызметтің төрт түрі бойынша дағдыларды қалыптастырады: мамандық бойынша түпнұсқалық мәтіндерді толық түсінумен оқу, мамандық мәселесі бойынша эссе жазу, кәсіби ақпаратты қамтитын түпнұсқалық хабарламаларды есту арқылы қабылдау, мамандық мәселелері бойынша пікірталастар жүргізу Кәсіби бағытталған шетел тілі: Кәсіби құзіреттілік деңгейін арттыру үшін болашақ мамандардың кәсіби шет тілін қалыптастыру, жазбаша және ауызша ақпарат алмасуды жүзеге асыру үшін кәсіби шет тілін білу, сөйлеу қызметін одан әрі дамыту. Әлеуметтік-тұрмыстық және академиялық салалардағы қарым-қатынастың стилі мен сипатына байланысты кәсіби қарым-қатынас жағдайларына сәйкес сөйлеу мінез-	6							V							

		құлқының ережелері.																
16	Фермерлік іс негіздері / Аграрлық сектордағы кәсіпкерлік қызмет	Фермерлік іс негіздері. Фермерлік шаруашылығын ұйымдастыру және жүргізу негіздері туралы білімді қазіргі заманғы түсініктер қалыптастыруды зерттеу қарастырылады, фермерлі шаруашылығын (шаруа қожалығы) ұйымдастырудың теориялық негіздерін таным; фермерлік шаруашылықта (шаруа қожалығы) ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру процесін ұтымды жүргізу бойынша білім алу. Аграрлық сектордағы кәсіпкерлік қызмет аңшылық шаруашылығындағы кәсіпкерлік қызметтің түрлері мен құқықтық негіздерін зерттейді. Кәсіпкерлік қызметтің мазмұны аңшылық және аң шаруашылығында еркін жүзеге асырылатын, заңмен тыйым салынбаған қызмет болып табылады.	5					V						V				
17	Химия/Микробиология және вирусология	Химия. Студенттерде химияның негізгі заңдары мен талдаудың физика-химиялық әдістері туралы іргелі білім жүйесін қалыптастыру, оларды кейіннен кәсіби қызметті қолдану және инженерлік мәселелерді шешу үшін қолдану. Химияның негізгі заңдылықтарын, химиялық реакцияларды, олардың жүру ерекшеліктерін, басқару әдістерін, органикалық қосылыстардың құрылымдық теориясын, органикалық химиядағы реагенттер мен реакциялардың классификациясын зерттеу. Микробиология және вирусология: Прокариоттар мен эукариоттардың тірі организмдер арасындағы алатын орны, микроорганизмдердің морфологиясы,	5					V										

		физиологиясы және генетикасы, сонымен қатар микроб жасушасының метаболизмі туралы базалық ақпараттар қарастырылады. Вирустардың жалпы сипаттамасы. Микроорганизмдер мен олардың метаболиттерін тағам өндірісінде қолдану. Микроорганизмдерге сыртқы орта факторларының әсері. Микроорганизмдердің зат алмасу механизмдері. Микроорганизмдер мен азот қосылыстарының конверсиясы															
18	Математика биометрия негіздерімен/ Биофизика	Математика биометрия негіздерімен: Пән аясында базалық міндеттерді шешудің негізгі әдістерін, биологиялық және экологиялық деректерді математикалық жүйе мен заманауи есептеу техникасын қолдану негізінде және мәліметтерді қарапайым биометриялық әдістерді қолдана отырып өңдеу мен талдаудың амалдарын оқытады. Биофизика: Тірі материяның әртүрлі деңгейлеріндегі физикалық және физика-химиялық үрдістерді (молекулалық, жасушалық, ағзалық, тұтас ағза), тірі материяға сыртқы ортаның физикалық факторларының әсер ету заңдылықтары мен механизмдерін біледі; жасушаны және ағзаның тіршілікке қажетті жүйелерді биофизикалық зерттеудің негізгі әдістерін қолданады.	5					V									
19	Балық шаруашылығы / Ихтиология негіздері	Пән балық шаруашылығында өсірілетін балықтардың биологиялық ерекшеліктерін оқытады. Балықтардың экологиялық топтарын. Балықтардың өсуі және дамуын. Балықтардың тіршілігіне әсер ететін факторларды. Балық шаруашылығының түрлері және формаларын. Балықтарды	5			V		V									

		өсіру технологиясын. Тоғандарды тыңайту. Балықтарды азықтандыруды ұйымдастыруды оқытады. Ихтиология негіздері. Пән жүйелеу негіздерін, құрылысын, балықтардың биоалуантүрлілігі және тіршілік әрекетін, онтогенез кезеңдерін, биологиясын, экологиясын және балық өсіру мен балық аулаудың негізгі объектілері кәсіпшілігінің ерекшеліктерін, су экожүйелерінің жұмыс істеуіндегі ихтиофаунаның рөлін, адам үшін биологиялық су ресурстарының маңызын оқытады.															
20	Аңдар мен құстардың аурулары /Паразитология	Аңдар мен құстардың аурулары Аңдар мен құстардың аурулары пәні аңдар мен құстар ауруларының эволюциясын, номенклатурасын және жіктелуі, эпизоотологиялық зерттеудің тәсілдері мен әдістерін, аңдар мен құстардың ауруларын анықтаудың кешенді әдістерін, қазіргі аң шаруашылығындағы және аңшылық шаруашылығы жағдайында эпизоотияға қарсы жұмыстардың принциптерін, аңдар мен құстардың аурулары кезінде құралдар, терапия мен емдеу-профилактикалық өңдеу, ветеринарлық санитария негіздерін оқытады. Паразитология Паразитология пәні паразитологияның мақсаты мен міндеттері. Паразитологияның тарихы. Паразиттердің жіктелуі. Паразиттік қарапайымдылар, құрттар, моллюскалар, буынақтылар. Олардан пайда болатын аурулар. Паразиттік аурулардың алдын алу	5			V					V					V	
21	Зоогеография /Аңшылық шаруашылық	Зоогеография. Пән табиғи-климаттық жағдайларға байланысты әртүрлі жануарлардың таралуының негізгі	5		V	V											

	ы моделдеу	зандылықтарын зерттейді. Жануарлар дүниесі экологиясы саласында теориялық білім қалыптастырады Аңшылық шаруашылықты моделдеу - Экономикалық-математикалық модельдер және моделдеу туралы жалпы мәліметтер. Аңшылық шаруашылығындағы экономикалық процестерді моделдеудің негізгі кезеңдері мен тәсілдері. Аңшылықтануда қолданылатын экономикалық-математикалық модельдердің түрлері. Тірек жоспарын құру әдістері және көліктермен есептеудің оңтайлы шешімін таңдау.																
22	Экология және тіршілік қауіпсіздігі/ Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Экология және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі. Пән ағзалардың тіршілік ету орталарымен өзара әрекет ету заңдылықтарын, биосфераның әртүрлі бөліктерінде биогеоценоздардың тіршілік етуі мен дамуының заңдылықтарын, техносферада адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға байланысты сұрақтарды, техногенді және табиғи жағдайда пайда болатын қауіп қатерлерден қорғану және қолайлы жағдай жасауды оқытады. Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі негіздері. Білім алушылардың тіршілік әрекетінің қауіпсіз және зиянсыз жағдайларын жасау бойынша, қауіпті жағдайлардың туындау себептері мен жағдайларының алдын алу бойынша, төтенше жағдайлардың ықтимал салдарларынан халықты және өндірістік қызметкерлерді, халық шаруашылығы объектілерін қорғау бойынша білімдерін, практикалық дағдыларын қалыптастыру.	5			V		V										

		Заңнаманың орындалуын қадағалау және бақылау және еңбекті қорғау талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік.															
23	Аңшылықтану да экспедициялы қ-далалық зерттеулер / Экспедиторлы қ-далалық жабдықтау	Аңшылықтануда экспедициялық-далалық зерттеулер. Пән аңшылықтануда ғылыми зерттеулер негіздері бойынша базалық білімді пайдалану қабілетін қалыптастыруды, далалық тәжірибе, бақылау және есеп алуды жоспарлау әдістерін меңгеруді, статистикалық өндеу негізінде аңшылықтану зерттеу нәтижелерін талдау және интерпретациялау қабілетін қалыптастыруды оқытады. Экспедиторлық-далалық жабдықтау. Пән экспедициялық жағдайларда тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жалпы талаптарды, далалық жағдайларда қажетті дағдыларды, жеке қорғаныс құралдарын, экспедициялық-далалық жабдықтарды зерделейді	5										V			V	
Кәсіптік пәндер циклы ЖОО компоненті																	
24	Биотехния және жабайы жануарларды өсіру	Пән табиғи еркіндік күйдегі жануарлар өмірін басқарудың теориялық негіздерін, жануарлар және олардың тіршілік ету ортасына биотехникалық әдістер арсеналына шығармашылық көзқарас әсерінің дағдыларың қалыптастыруды, нақты табиғи-экономикалық аймақтар жағдайында биотехникалық іс-шараларды тікелей жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыруды оқытады.	5	V									V				
25	Аң шаруашылығы	Пән аң шаруашылығы өнімдерін, аң өсіру фермаларын ұйымдастыруды, терісі бағалы аңдарды ұстау, оларды азықтандыру ерешектерін, терісі бағалы	5										V			V	V

		жыртқыш аңдарды азықтандыру үшін қолданылатын азықтардың түрлерін, аң шаруашылығында асылтұқымдық жұмыстың ерекшеліктерін, өсіру әдістерін, зоотехниялық есеп және мәліметтерді өңдеу, терісі бағалы аң шаруашылығының объектілерін қолда өсіруді оқытады.															
26	Аңдар мен құстарды есепке алу	Аңдар мен құстарды есепке алу пәні аңшылық жануарларды есепке алудың далалық материалдарын өңдеу әдістері мен санын есепке алудың теориялық негіздерін; санын есептеуде биологиялық негізде жүргізуді; аңшылық жануарлардың санын есепке алудың негізгі әдістері және оларды жүргізу техникасын; есеп жұмыстарын жүргізуді және олар бойынша есеп беруді ұйымдастыру тәртібін оқытады.	5									V	V				
27	Аңдар мен құстарды аулау техникасы	Аңдар мен құстарды аулау техникасы пәні аңшылық жануарларды аулау тәсілдері мен құралдарын жіктеуді; аңшылық-кәсіпшілік жануарларды аулау құралдарын пайдаланудың мақсаттылығын; аңшылық жарақтары және инвентарын; аңшылық-кәсіпшілік жануарларды аулау кезінде пайдаланылатын және аңшылықта таңбалау негіздерін; аңшылық-кәсіпшілік жануарларды аулау құралдары мен тәсілдерін шаруашылықта бағалау негіздерін оқытады.	5			V							V				
28	Трофейлік іс таксидермия негіздерімен	Пән аңшылық шаруашылығының маңызын түсінуге мүмкіндік береді, трофейлік және спорттық аң аулауды дамыту, трофейлік жағынан жабайы жануарларды селекциялық атып алуды дұрыс жүргізу, терілерді илеу және өңдеуді, Қазақстан фаунасын сақтауды қалыптастыру,	6										V		V		

		халықаралық көрмелерде аңшылық экспонаттарды таныстыра білуді оқытады														
Кәсіптік пәндер циклы																
Таңдау компоненті																
29	Марал шаруашылығы /қырғауыл шаруашылығы	"Марал шаруашылығы" Пән маралдардың шығу тегін, шаруашылық-биологиялық ерекшеліктерін, конституциясын, экстерьері мен интерьерін; марал шаруашылығы өнімдерін; малдарды асылдандыру және өсіру әдістерін; табынның өсімін молайтуды және жас малдарды өсіруді; - маралдарды азықтандыру мен күтіп-ұстауды; марал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологияларын игеруді оқытады "Қырғауыл шаруашылығы" пәні қырғауыл биологиясын зерттеуді, қырғауыл фермаларын, қырғауыл шаруашылығы өнімдерін ұйымдастыруды, қырғауылдарды күтіп-бағуды және азықтандыруды, қырғауыл шаруашылығындағы асыл тұқымды жұмыстың ерекшеліктерін, зоотехникалық есепке алуды және деректерді өңдеуді, Қырғауылды қайта өндіруді, қырғауылдарды, қырғауыл тұқымдарын ұтымды өсірудің заманауи ғылыми негізделген әдістері мен принциптерін оқытады.	5	V												V
30	Аңшылық ит шаруашылығы	Аңшылық ит шаруашылығы. Пән аңшылық иттердің шығу тарихы мен қазіргі жағдайын, өсіру әдістерін, асылдандыру жұмыстарын жүргізуді, қолда ұстау мен үйрету, аңшылық иттердің экстерьерін және далалық сапасын, әртүрлі ит тұқымдарын аңшылыққа қолдануды оқытады.	5						V						V	

31	Аңшылық-кәсіпшілік өнімдері/ Аңшылық шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	<p>Аңшылық кәсіпшілігінің өнімдері: аң терісі, тері шикізаты, жабайы құстардың терісі, олардың еті, майы, сүйектері, қауырсыны мен мамығы, бас сүйектері, мүйіздері, тұяқтары, тістері және жануарлар денесінің басқа да бөліктері, құстар мен бауырымен жорғалаушылардың жұмыртқалары, сондай-ақ жабайы жануарлардан алынатын әртүрлі өнімдер Аңшылық шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы Аң шаруашылығы өнімдерінің халықты тұтынушылық тауарлармен қамтамасыз етудегі және экспортта алатын орны, кәсіптік-аңшылық бағытындағы сүт қоректілер мен жабайы құстардан алынатын тағамдық және емдік бағытта пайдаланылатын шикізат өнімдері, сондай-ақ өсімдік тектес дәрілік және тағамдық өнімдердің химиялық құрамы мен тағамдық, емдік қасиеттері, тауарлық шығымы және сапасына қойылатын талаптар, алғашқы өңдеу технологиясы, сақтау, тасымалдау әдістері, өнім шығымын көбейтіп, сапасын жақсартудағы аң шаруашылықтарының міндеттері</p>	6									V	V	V		V
----	--	--	---	--	--	--	--	--	--	--	--	---	---	---	--	---

